

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Рәбиға Сәтiғалиқызы Сыздықтын

95 жылдық мерейтойына арналған

«РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ФЕНОМЕНІ: ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары
22 қараша 2019 жыл

Сборник материалов

международной научно-теоретической конференции

«ФЕНОМЕН РАБИГИ СЫЗДЫК: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ КАЗАХСКОГО
ЯЗЫКОЗНАНИЯ»,

посвященная 95-летию академика НАН РК, доктора филологических наук профессора

Рабиги Сатигалиқызы Сыздык

22 ноябрь 2019 год

Collected proceedings

the materials international scientific-theoretical conference on the theme

«RABIGA SYZDYK'S PHENOMENON: CONTEMPORARY KAZAKH LINGUISTICS AND
ITS FUTURE»

devoted to academician of Kazakh National Scientific Academy, doctor of philological sciences,
professor Rabiga Satkalikyzy Syzdyk's 95th anniversary

22 November 2019 year

Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

Балыкбаев Т.О.	Кіріспе сөз.....	3
ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР		
Тайжанов А.	Академик Рәбиға Сыздықтың ұлт руханиятына қосқан үлесі.....	4
Қойгелдиев М.Қ.	Академик Р.Сыздықованың ортағасырлық мұра – Қадырғали би Қосымұлының шежіресін зерттеу ісіндегі еңбегі туралы.....	11
Гүрер ГҮЛСЕВИН	Рәбиға Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» кітабындағы сөздерге түрік тілінен қосымша дәлелдемелер.....	14
Есенова Қ.Ө.	Қазақ сөзтанымның алтын дінгегі академик Р.Сыздық 95 жаста.....	17
АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ		
Акбаров А.	Өмірі өнегелі, ғылыми тұмырлы ғалым.....	22
Асылбекұлы С.	Бекзат тұмыр.....	23
Әміржанова Н.С.	Ұлттық жазуды ұлықтаған ұлағатты ғалым.....	25
Балтабаева Ж.Қ.	Академик Р.Сыздық зерттеулеріндегі Абайдың интеллектуалды тұлғасы.....	28
Иманбаева С.Т.	Рәбиға Сыздық және қазақ тіл ғылымы.....	31
Бекниязова Д.Д.	Академик Р.Сыздық зерттеулеріндегі сөз кестесі.....	34
Жиренов С.А.	Академик Рәбиға Сыздық – алғашқы Жұбановтанушы.....	37
Жұбанов А.	Этнотанымдық мәтіндердің прагматикалық мәні: академик Р.Сыздық тұжырымдары бойынша талдау.....	40
Ильясова Н.Ә.	Р.Сыздық еңбектеріндегі әдеби тіл мәселесі.....	43
Күштаева М.Т.	Абай әлемін заманауи тұрғысынан тану: Рәбиға Сыздықованың зерттеулері негізінде.....	45
Қабатай Бидана	Р.Сыздыкова және сөз тарихы мәселесі.....	48
Қарағұлова Б.С.	Академик Р.Сыздықтың зерттеулеріндегі тіл ортологиясы мәселелері.....	49
Қобланова А.Ж.	Р.Сыздық еңбегі және шешендік өнер теориясы мәселелері.....	53
Қосымова Г.С.	Тұғырлы тұлға.....	56
Мұратова Г.Ә.	Ақын-жыраулар тіліндегі көнеліктердің уәждемелік сипаты (академик Р.Сыздық зерттеулері негізінде).....	59
Нүрдіәлетова Б.И.	Рәбиға Сыздық зерттеулерінің қазақ тіл біліміне қосқан үлесі.....	65
Сабырбаева Р.Қ.,	На перекрестке судеб.....	68
Мухаметжанова Н.Т.	Академик Р.Сыздық еңбектерінің болашақ филолог мамандардың сөз мәдениетін қалыптастырудағы маңызы.....	72
Сарыбай М.Ш.,	Абайтанудың тіл білімі ғылымы саласындағы гүламасы.....	75
Асанова Д.А.	Академик Рәбиға Сыздықтың сөз өрнегі.....	78
Сүлейменова Ж.Н.,	Академик Р. Сыздықтың еңбектерінде тілдік норманың зерттелуі.....	81
Абужалитова А.Т.		
Тегенов Т.С.		
Тымболова А.О.		
Хасанов Г.Қ.		
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ		
Актанова Ш.С.	Экзистенциалистские взгляды в произведениях Эрнеста Хемингуэя.....	86
Анапияева А.А.	Кыргыз тилиндеги автордук неологизмдер.....	88
Аскарова Г.С.	Түрік әдебиетінің көрнекті өкілі Омер Сейфеддин әңгімелерінің негізгі идеясы.....	92
Ешметова Б.Б.	Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі «Мәңгілік ел» ұғымының тілдік көрініс табуы.....	95
Жуынтаева З.Н.,	Поэзиядағы сан есімдердің мәтінтүзімдік сипаты.....	101
Сальмагамбетова С.		
Жуынтаева З.Н.,	Поэзия тіліндегі атаулы сөйлемдердің қолданысы.....	105

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мырзахметұлы М. Абайтану: Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Ғылым, 1988. – 240 б.
2. Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап. Астана: Interactiv Kazakhstan, 2014. – 524 б.
3. Мырзахметұлы М. Абайтану: 2-кітап. Астана: Interactiv Kazakhstan, 2014. – 524 б.
4. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көптомдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 384 б.
5. Сыздықова Р. Абайдың сөзорнегі. Көптомдық шығармалар жинағы. II Т. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 580 б.
6. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
7. Сыздықова Р. Ясауи хикметтерінің тілі. Көптомдық шығармалар жинағы. VI Т. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 668 б.
8. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы: Даик-Пресс, 2014. – 242 б.

Тымболона А.О.

*Ф.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан*

АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ СӨЗ ӨРНЕГІ

Кіріспе. Қазақ тіл ғылымының ірі көрсеткішті өкілдерінің бірі, ҚР ҰҒА академигі, Түрік тіл қоғамының корреспондент-мүшесі, ҚР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Рәбиға Сыздықтың қазақ тіл білімінде тұлға ретінде алатын орны, зерттеу бағыттары, ғалымдық қары туралы «Ғалымға ғашық көзбенен» қаншама дүниелер жазылып жатса да көптік етпейді. Ғалым ұлы ақынның шығармашылық құдіретін ғашық көзбен тамсана талдаса, бүгінде артынан ерген қалам шәкірттері мен көпшілік оқырманы өзіне ғашық көзбен қызыға қарауда. Сондықтан бүгін мерейтойы тұсында ғалым апайымыздың ғылым майданындағы ғаламат табыстары туралы тағы да жаза түсеміз.

Біз бұл мақаламызда академик Рәбиға Сыздықтың өзінің сөз өрнегін талдағалы отырмыз. Өйткені бейнеттің де зейнеті бар. Қазақтың ұлы ақыны Абай тілінің көркемдік бітімін, сөз қисынын айрықша күш жұмсап терең талдаған ғалымның бүгінде өзінің де сүбелі сөз өрнегін салғаны анық. Сондықтан мақаламызда ғалымның аса күрделі тақырып – Абайдың көркем тілін зерттеген еңбектеріндегі майдан қыл суырғандай сұлғыла іденгіштігін, соны түренге соқпақ салып, Абайдың сөз өрнегін сарыла саралағандағы өзіндік мұраларының қолтаңбасын, ақын шығармаларының бүкіл тілдік болмысын тың әдіс-тәсілдермен жеткізе зерделегенін, яғни «Абай әлеміне» сіңірген еңбектері қарастырамыз.

Поэзияны – көркем дүние – сырлы ұғым деп түсінетін ғалымның көңіл көкжиегі Абай өлеңдерін аса мұқабаттылықпен беріле зерттеп, ақындық, суреткерлік қырын асқан талғампаздықпен талдайды. Абай тілін, оның мәдениеті мен өрнегін, байлығы мен кемелдігін, жатықтығы мен жетіктігін, бейнелілігі мен көркемділігін алсақ, ол заманда оған бұл жағынан теңдесерліктей ешбір ақын жазушы, әдеби тілдің басқа бір үлкен, тұтас ескерткіші болмағандығы анық дегенді қазақтың зиялы қауымы түгелдей дерлік айтты. Осыны жүйке жұлынымен түйсінген ғалым ғұмырының мағыналы бөлігін осы іске жұмсайды.

Жас күнінен соны тақырыптарды, яғни тілдің бейнелік сипатын, сөз құдіретін, төл тіліміздің болмысын зерттеуге баруына ғалымның ғасырлар бойы жиналған халық тілінің күллі байлығы бойына сіңіріп өскен зеректігі де сеп болса керек. Сөйтіп қазақтың әдеби тілінің құнарынан қанық ішкен, сөз жүйесін тауып тіркестірудің, құрастырудың амал-тәсілдерін жақсы білетін ғалымның өзіндік сөз кестесінің көркемдігі ұлы ақынның тілін талдауға мүмкіндік берген сияқты.

Нәтижелер. Абайтану ілімінің алғашқы деректері алдымен Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлының мақалаларынан бастау алып, бүгінде арналы ізге түскен. Әсіресе 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», - деп аса жоғары баға берген А.Байтұрсынұлының мақаласынан кейін қазақ ғылымында ұлы ақынның мұрасын індете зерттеу басталып кетеді.